



Қонақ үйлердің жіктелуі

Орындағандар: Айдос Әдемі
Алдаберген Шұғыла
Шаймерден Меруерт
Таджиманова Асем



□ Қонақ үйдің классификациясы дегеніміз – бұл белгілі бір қонақ үйлері мен нөмерлерінің қызмет көрсету критерийлері немесе стандарттары бойынша сай келінуінің анықтамасын айтамыз. Қонақ үйлер жұлдызды, короналық, разрядты жүйе болып бөлінеді: қонақ үйдің разрадтылығы оның имиджіне, престижіне және қонақ үйдің қызмет ету жүйесіне байланысты болады. Әлемде қонақ үйдің бірыңғай жіктемесін енгізу сол елде қалыптасқан ұлттық дәстүрлеріне мемлекеттің тарихи – мәдени ерекшеліктеріне сапа критерийлеріне және тағы басқа кедергі келтіреді.

Қазіргі кезде 30 – дан астам қонақ үйдің классификациясы бар.

- 
- Сонын ішінде қонақ үйдің орналасу жағынан төмендегідей болуы мүмкін:
 1. қаланың ішінде орналасуы (орталықта немесе қала шетінде).Әдетте орталықта орналасқан қонақ үйде іскерлік мақсаттағы қонақ үйлер, отельдер, отель – люкстер және орта класты қонақ үйлер орналасады.
 2. теңіз жағалауында орналасатын қонақ үйлер.Мұнда орналасуына қарай теңізден арақашықтығы 50 м, 100 м, 150 м, 200 м, 300 м — ге дейін орналасады.
 3. таулы жердегі қонақ үйлер.Бұл туристік маршрут бойындағы демалуға ыңғайлы жерде көркем пейзажды табиғат аясында орналасатын қонақ үйлер.



Тарифке — қонақ үйдің тұру бағасы ғана кіреді (RO) — Room Only
2.орналасу және таңғы ас (BB) – Bed and Breakfast континенталдық.

Таңғы

астың 3 түрі болады:


- континенталды – сок, кофе, чай, тоқаш және джем;
- ағылшын таңғы асы – жұмыртқа және сиыр еті;
- шветтік таңғы асы – ірімшік, шұжық, нан өнімдері, жеміс – шидек, джем

бал, чай және кофе.

3. жартылай пансион – (орналастыру, таңғы асы, түскі ас және кешкі ас)
(HB) – Half Board.

4.Толық пансион – (орналастыру және плюс 3 – 4 реттік тамақтандыру)
(FB) – Full Board.

5. Клубтық демалыс жүйесіне маманданған қонақ үйлер – 3 реттік тамақтану,
плюс тәулік бойына тегін закуска, ішімдік және сусындар қобылады.
(I) – Imperial.



□ Қонақ үйдің жұмыс мерзіміне байланысты:

1. жыл бойы жұмыс істейтін қонақ үйлер

2. маусымдық курорттық қонақ үйлер



ҚОНАҚ ҮЙДІҢ НОМЕРЛЕРІНІҢ БАҒАСЫНА ҚАРАЙ:



- бюджеттік бағасы – (25 – 35 \$)
- эконом класты қонақ үй – (35 – 55 \$)
- орта класты қонақ үй – (55 – 95 \$)
- бірінші класты қонақ үй – (95 – 195 \$)
- апартаментті қонақ үй – (65 – 125 \$)
- люкс класты қонақ үй – (125 – 425 \$)

▣ **Қонақ үй кәсіпорынының іс әрекетіне байланысты:**

1.транзитті қонақ үй — туристерге арналған темір жол, су жағасында орналасуы мүмкін және жол жанында орналасуы мүмкін.

2.мақсаттық – іскерлік бағыттағы қонақ үйлер.Олар: конгрес, синфозим, демалу, курорттық туристік қонақ үйлер.

- ▣ **Қонақ үйдің халықаралық тәжірибеде төмендегідей типтері жиі кездеседі:**
- 1. Апартамент – сиымдылығы жағынан шағын және орташа болып келеді. Бұл ірі қалалар үшін тән. Сондықтанда ол пәтерлік типтегі қонақ үй болып табылады.**
 - 2. Эконом классты қонақ үй – сиымдылығы жағынан шағын немесе орташа мөлшердегі кәсіпорын болып табылады және магистралдарға жақын орналасады.**
 - 3. Отель – бұл сиымдылығы жағынан әр түрлі мөлшерде болып келетін қалалардың көрікті ыңғайлы жерлерінде орналасатын және де қонақ жайлылықтын барлық түрі ұсынылатын кәсіпорын.**
 - 4. Мотель – автобустерге арналған қонақ үйлер. Қаланың сыртында ірі автомобиль жолдарының бойында орналасады немесе туристік орта – лықтар құрамына кіреді. Тұрақтары, автожағармайлары, техникалық қызмет орындары бар. Ғимараттын сиымдылығы орташа және шағын деңгейге тән. Ең бастысы бұнда клиенттер өз өзіне жұмыс жасайды.**
 - 5. Кемпинг – бұл авто, мото туристерге, вело туристерге арналған қаланың сыртында орналасатын кейде мотельдердің жанында орналасатын лагер типті қонақ үйлер. Туристер жазғы айларда палаткаларда түнеп шығу үшін ғана орналасады. Электрмен, сумен, автомашиналарды жуумен және жөндеумен қамтамасыз етіледі.**
Автомашиналар қоятын орындар бар. Бұл жерде қосымша қызмет орындары болуы мүмкін. Кейбір кемпингтер қонақ үйлердің, турбаза – лардың, мотельдердің құрамына кіреді. Кемпингтер туристік маршруттар бойында, курорттық аудандар мен туристік орталықтарда салынады.
 - 6. Түнеу және таңғы ас типіндегі жеке меншік қонақ үйлер – бұл АҚШ – та кең таралған. Сиымдылығы жағынан орташа болып келеді.**
 - 7. Пансион – бұл қарапайым стандартты қызметі шектеулі кәсіпорын. Бірақ бұнын басты ерекшелігінен қонақтарға толық пансион көрсетіледі, яғни 4 уақыттық ас береді.**





Luxury

Upper Upscale

Upscale

Upper Midscale

115



The Ritz-Carlton®

39



JW MARRIOTT

BVLGARI
HOTELS & RESORTS



MARRIOTT
489

153



RENAISSANCE
HOTELS

37

AUTOGRAPH
COLLECTION
HOTELS

Residence
Inn
Marriott

625



299

79



COURTYARD®
Marriott

929

FAIRFIELD
INN & SUITES
Marriott

691

210

TownePlace
SUITES
Marriott



InterContinental
Hotels Group

INTERCONTINENTAL
HOTELS & RESORTS

HUALUXE
HOTELS AND RESORTS
華邑酒店及度假村

CROWNE PLAZA
HOTELS & RESORTS

hotel
INDIGO

EVEN HOTELS

Holiday Inn

Holiday Inn Express

Holiday Inn Resort

Holiday Inn Club Vacations

STAYBRIDGE
SUITES

CANDLEWOOD
SUITES

Жұлдызды жүйе



- Ұлыбритания қонақ үйлері өте жиі тараған қонақ үй классификация жүйесіндегі тәжі (корона) немесе кілт сипатында болып келеді. Европа елдеріндегі қонақ үйлерге қарағанда тәжі жұлдыздық жүйеліктен бір сан жоғары болып есептелінеді (5 жұлдызды – алты тәжіге). Сонымен қатар мұнда Британдық Туристік Агенттік классификациясы жиі пайдаланылады. Бұл қонақ үй бағасына байланысты әдемі, арнайы туристерге арналып жасақталған қонақжай орындары. Аргентина қонақ үйлері ұлттық жүйеге енген. Бес жұлдыздық категорияға сай мынандай бес категория белгілері енгізілген:
 - « T » — туристік класс. Ол екі жұлдыздық қонақ үй болып есептелінеді.
 - « F » — бірінші класс. Бұл үш жұлдыздық қонақ үй деп есептелінеді.
 - « FS » — супер класс. Бұл төрт жұлдыздық қонақ үйге сай келеді.
 - « L » — люкс
 - « DL » — өте жайлы ең жоғарғы қонақ үй категориясы болып бес жұлдызбен тең.

□ Греция мемлекеті қонақ үйлеріне әріппен белгілеу негізге алынған.


Олар төрт категорияға жатады. Жоғарғы, сапалы қонақ үйге – « DL » , ал бес жұлдыздыға сай – А, үш жұлдыздыға – В, екі жұлдыздыға – С, бір жұлдыздыға – Д әрпімен белгіленген.

Мальта мемлекетінің қонақ үйлері – бес жұлдызды классификациялық жүйе, жаңа ұлттық құрылымды ендірген кезде сақтала отырып оларды үш категорияға бөледі:

1 категория « Алтын »

2 категория « Күміс »

3 категория « Қола »

An aerial night view of Earth from space, showing the curvature of the planet. The landmasses are illuminated with a mix of green and yellow light, suggesting a combination of natural vegetation and artificial city lights. The oceans are dark blue. The text is overlaid in the bottom left corner.

Әлемдегі ең ерекше қонақ
үйлер



Бүгінгі таңда қонақ
үйлердің адам өмірінде
алатын орны өте ерекше.
Алыс-жақын шет елдерге іс-
сапармен шыға қалсаңыз
немесе шытырман
оқиғаларды іздеу мақсатында

ел кезетін болсаңыз, қонақүйдің көмегінсіз
тығырықтан шығу мүмкін емес. Әсіресе, қонақүйлер
- туристер қауымының екінші үйіне айналып кетті
десек те болады.



Selica қонақ үйі (Польша)

Әлемнің ең сәнді қонақ үй. Қонақ үйдің бөлмелері түрме камерасы секілді (есік-терезелері де түрме торына ұқсас) жасалған.



Gyreum Eco-Lodge қонақ үйі (Ирландия).



Бұл қонақ үй пудинг пішіндес болып келеді. Әдетте мұнда мерекелік іс шаралар, семинарлар мен конференциялар, үйлену той рәсімдері өткізіледі.

YUNAK EVLERI ҚОНАҚ ҮЙІ (Түркия)

Бұл - әлемдегі жалғыз
«үңгір» қонақүйі. Ол
Түркия жеріндегі
тас дінгектер
аумағында орналасқан.
Сондай-ақ, қонақ үйде
бес ғасыр бойы қызмет
көрсетіп келе
жатқан бөлмелердің
бар екендігін біле
жүріңіз.




Clink қонақ үйі (Лондон)



Қонақ үй Лондонның ескі сот ғимараттарының бірінде орналасқан. Қонақүйге ат басын тірей қалсаңыз, сот залында отырып тамақтануға мүмкіндігіңіз бар. Қонақүйге жақын маңда атақты Сент-Панкрас вокзалы мен Британ мұражайы бар. Бұл қонақ үй пуддинг пішіндес болып келеді Әдетте мұнда мерекелік іс-шаралар, семинарлар мен конференциялар, үйлену той рәсімдері өткізіледі.

Kadir's Top Tree қонақ үйі(Түркия)

Бұл ғимарат қалың өсімдік әлемінің ортасында орналасқан. Табиғат-Ананың сұлулығын тамашалап болған қонақтар ағаш ішіндегі үйде жатып тыныға алады. Және «швед дастарханының» дәмі тіл үйірет тағамдарын армансыз жеуге мүмкіндік бар.



Radeka Downunder қонақ үйі (Аустралия)

Radeka Downunder қонақ үйі жер астында орналасқан. Оңтүстік Аустралияның Кубер-Педи қаласының орталығындағы қонақүйдің бөлмелері түрме камераларын еске салады.



Point Montara қонақ үйі (Калифорния штаты)

Калифорния штатындағы шамшырақта орналасқан Point Montara қонақүйі тіптен ерекше. Тынық мұхитының жағалауындағы ғимарат терезесінен толқындарды, киттердің қоныс аударуын тамашалай аласыз. Ең бастысы, бұл қонақүй қаланың қарбалас тіршілігі мен у-шуынан демалуға таптырмас мекен.



RAILWAY SQUARE ҚОНАҚ ҮЙІ (СИДНЕЙ)



Теміржол вагондарынан жасалған Railway Square қонақүйі Сидней жерінде орын тепкен. Қонақүй ішінде көптеген мейрамханалар, дүкендер, сауықтыру кешендері жұмыс істейді.

Wei Qun Lou Inn қонақ үйі (Қытай)



Қытайдың Чжанчжоу аумағындағы Wei Qun Lou Inn қонақүйі осыдан бірнеше ғасыр бұрын тұрғызылған. Ғимарат авторлары – солтүстік Қытайдан қоныс аударған оралмандар болып табылады. Бұл мекен туристер арасында кеңінен танымал. Аумақтың негізгі тұрғындары қарапайым шаруалар екен.

JUMBO STAY қонақ үйі (Стокгольм)



Бұл қонақүй ұшақ бортында орналастырылған. Қонақүйде 25 бөлме бар және олар жайлы төсектермен, теледидарлармен қамтамасыз етілген. Кез келген бөлмеде еш қиындықсыз ғаламтор желісін пайдалануға болады.



Халықаралық қонақ үй тізбектері



Қазақстан Республикасы Орталық Азиядағы бизнесті дамыту, инвестиция құю бойынша ең тартымды аймақтардың бірі болып табылады. Соңғы жылдары республика бойынша франчайзингтік компаниялардың өрістеуі байқалуда. Ол еліміздің әр түрлі қалаларындағы ашылып жатқан әлемге танымал қонақ үй желілері санының көбеюінен байқалады. Сарапшылардың айтуынша, елімізде франчайзингтік компаниялармен қатар, жеке қонақ үй жүйелерін қалыптастыруға қолайлы жағдайлар бар. Бірақ деволперлер танымал брендтің жүйесіне кіргенді қалайды.

Қонақжайлылық индустриясының дамуында қонақ үй тізбектерінің орны ерекше. Олар әлемдік туристік нарыққа қызмет көрсетудің жоғарғы стандарттарын жылжытуға және де туристерге қонақ үйлік қызмет көрсетуді қолдауға мүмкіндік береді. Қонақ үйлік тізбектер өндірісті ұйымдастыру мен туристерге қызмет көрсету деңгейін едәуір көтеруге және таратуға, басқа елде турист өзін таныс, қолайлы ортада сезінуге мүмкіндік береді.



Қазіргі статистикаға көз жүгіртетін болсақ, қонақ үй тізбектерінің жүзеге асыратын операциялар көлемі дербес қонақ үйлер орындайтын көлемнен бірнеше есеге көп. 1980 жылы АҚШ нөмірлік қорының 62%-ын қонақ үй тізбектері біріктірген болатын. Он жылдан кейін бұл сан 75%, ал 2014 жылы 90% құрады.



Тізбектердің бұлай тез өсуінің себебі – тиімділік. Қонақ үй тізбектерінің тиімді саясатына қарсы тұру бәсекелестік күресі кезінде дербес қонақ үйлердің үш баламалы таңдауы болады. Біріншіден, дербес қонақ үйлер шығындарды бақылау мен қызметтерге бағаны төмендету жолын қолдана алады. Бұл амал танымалдылығымен қатар, өте қауіпті. Екіншіден, инвесторлар дербес қонақ үйлердің табысын жаңғыртуға, жаңашылдыққа бағыттай алады. Бұл әдіс көптеген дербес қонақ үйлермен қолданылады. Үшінші әдіс бойынша, кез-келген қонақ үйді тиімді сатып, түскен қаражатты басқа объектілерді қолдауға жұмсау. Бірақ бұл әдіс тек кез-келген тізбектің қожайынында берілген аймақтың нарығына енудің жоспары болса, және ол үшін жаңа қонақ үй салуды емес, дайын қонақ үйді қолданған кезінде жағымды нәтижені береді.





Қонақ үйлер тізбекте әр түрлі тәсілдермен біріге алады. Қонақ үй ісінде тігінен бірігу салыстырмалы түрде жақыннан бері байқалуда. Соңғы жылдары қонақ үй компаниялары қонақтарының қажеттіліктері біртекті емес, керісінше баға мен ыңғайлылық жағынан ерекшеленуі мүмкін екендігін түсінді. Енді барлық қонақ үй корпорациялары нарықтың әрбір сегментінде – фешенебельді, бірінші дәрежелі және экономикалық – өз меншіктері бар.



Мысалы Choice Hotels тізбегі. Люкс классты – Clarion Inn, орта классты – Quality Inn, Quality Suites, бюджеттік класс – Comfort Inn, Friendship Inn, Rodeway, эконоом классты – Sleep Inn.

АҚШ қонақ үйлерінің 70%, Ұлыбританияда – 20%-ы, Германияда – 10%-ы, Ресейде – 15%-ы белгілі бір қонақ үй тізбегіне кіреді.



Бес жұлдызды, төрт жұлдызды және үш жұлдызды қонақ үйлер қызметтері бағасының талдауы бойынша Алматыдағы нөмірде бір күндік түнеу құны 225 АҚШ доллары; Астанада – 185 АҚШ доллары; Ақтау мен Атырауда – 200 АҚШ доллары құрайды. салыстыратын болсақ, 4-5 жұлдызды қонақ үйлердің бағасы бойынша Алматы әлемде екінші орынды алса, Астана – бесінші орында.



Жалпы, Қазақстандағы қонақ үйлер қызметін зерттей келе, SWOT-талдауды ұсынамыз.

Жағымды жақтары:

- ірі кәсіпорындардағы тиімді басқару үлгілерінің болуы;
- елдің көптеген қонақ үйлердегі маркетингті дамыту стратегиясының болуы;
- қонақ үй шаруашылығындағы тиімді басқаруды дамыту жолдарын үнемі іздеу;
- елдегі тұрақты жағдай;
- сақтандыру нарығының қарқынды дамуы;
- қонақ үй қызметтері нарығындағы бәсекелестіктің өсуі;
- мемлекет бойынша қонақ үй ғимараттарын қайта құру және жөндеудің тұрақты

Жағымсыз жақтары:

- орта және шағын қонақ үйлерде тиімді басқарудың жетіспеуі; - қонақ үй толтырымының төмендігі; - шағын қонақ үйлердегі компьютерлік базаның жетіспеушілігі; - логистик-мамандардың жетіспеуі; - жергілікті халық үшін жоғары баға; - шығынға батушы кәсіпорындар санының көптігі; - дәреже берілмеген қонақ үйлердің көптігі; - ауылдық жерде қонақ үй шаруашылығының дамымауы; - жарнамалық және маркетингтік зерттеу әсерлерінің аздығы; - толық статистикалық ақпараттың болмауы;



Сонымен, Қазақстанның ірі қалаларында франчайзингтік компаниялардың дамуы үшін және де жеке жүйе қалыптастыстыру үшін жағымды жағдайлар бар. Франшизалық жүйеге кірудің үстемділігіне қарамастан, өзінің жеке брендин, сапа стандарттарын қалыптастыратын, өздерінің қонақ үй жүйелерін дамытатын девелоперлер де бар.

Бірақ өз ойлағандарын жүзеге асыру үшін кез-келген кәсіпкер жоғарыда келтірілген SWOT-талдаудың барлық жағдайларын ескеру керек.



НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА РАХМЕТ!

